

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс шаралар анықтамасы

18.08.2023 жылы Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде «Жемқорлық адамның жауы» тақырыбында 5-6-7 сынып оқушылары арасында бейнероликтер сайысы ұйымдастырылып өткізілді. **Сайыстың басты мақсаты:** 2.1. Байқаудың мақсаты: оқушылардың сыбайлас жемқорлық туралы білімдерін тереңдету, Заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, патриоттық тәрбиеге баулу. Сондай-ақ мектеп-лицейіміздің дарынды оқушыларын анықтап, оларды ынталандыру және еңбектерін насихаттау, талантты оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдау, белсенділігін дамыту, жеңімпазды анықтау.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- байқауға қатысушылардың креативті ойлауын, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға көмектесу;
- оқушылардың өзіндік іздену және бойындағы қабілетін арттыруға ынталандыру;
- мүмкіндіктерін насихаттау.

Сайыстың басты мына ережелер бойынша өткізілді:

1.1. Осы Ереже «Жемқорлық адамның жауы» атты видеоролик байқауының (бұдан әрі-байқау) өткізілу мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметін, өткізу тәртібін, қатысуын және жеңімпаздарды анықтау тәртібін белгілейді.

1.2. Байқауға мектептің 5,6,7 сынып оқушылары қатыса алады.

Сайысқа мына оқушылар қатысты:

1. Жаймағанбет Аяла 5«В» сынып оқушысы. Бодықова Гүлдана
2. Ақжігіт Мұхаммедали 5«Д» сынып оқушысы, Құлжанова Мөлдір
3. Асқарбек Айзия 5«К» сынып оқушысы, Жансеитова Айгерім
4. Рысбек Асылдай 5«Л» сынып оқушысы, Сәрсенбаева Эльмира
5. Жолдасбек Іңкәрім 5 «М» сынып оқушысы, Бүркітбаева Гүлжан
6. Сәдуақас Рамазан 5 «Р» сынып оқушысы, Ізтілеуова Гүлфайруз
7. Әбдірахманова Адия 6 «Ә» сынып оқушысы, Қожахметова Салтанат
8. Сағымбек Нүргүл 6 «Б» сынып оқушысы Дәуренбекова Гулзира
9. Жұмабай Ернұр 6 «В» сынып оқушысы, Сарыбаева Бота
10. Манасова Балнұр 6 «Г» сынып оқушысы Қозбағарова Эльмира
11. Жарылқасын Шариф «Е» сынып оқушысы, Раушанбек Шаттық
12. Жұмахан Адина 6«Ж» Байсалова Фарида
13. Мұса Айзере 6«К» Мәденова Арайлым
14. Несібелібай Кәусар 6«Р», Бәтенова Қалдыгүл
15. Тұрарова Дильназ 6«Л» сынып оқушысы, Тіккөзова Айда
16. Русланқызы Таңшолпан 6«И» сынып оқушысы, Русланқызы Таңшолпан
17. Серік Балнұр 6 «З» сынып оқушысы, Аяпова Жанар
18. Махмутқызы Қымбат 7«А» сынып оқушысы, Далиева Аягөз
19. Есенбаева Дильназ 7«В» сынып оқушысы, Оңғарбек Аружан
20. Өтепберген Інжу 7 «И» Өтепберген Інжу

Сайыстың әділ қазылар алқасының мүшелері болып бекітілді:

1. Қиымов Ғабдул, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
2. Абдыгаппаров Сабыр, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

Сайыс жүргізушінің сәлемдесуімен, қатысушылар мен әділ қазыларды таныстыруымен басталды. Және де сайыстың мақсаты мен ережелеріне тоқтай кетті. Қатысушылардың реттілігін анықтау мақсатында «Жеребе тастау» ойыны ойнатылды. «Жеребе тастау» әдісі арқылы реттілігі анықталған оқушылар тақырыпқа сай дайындап әкелген өз жұмыстарын таныстырып өтті. Әділ қазылардың қосымша қойған сұрақтарына жауап берді. Әділ қазылар ақылдасып, шешімін шығарғанша 6-сынып оқушысы Жарылқасын Шариф домбырамен күй тартып, тамаша көңіл-күй сыйлады.

Сайыстың нәтижесі бойынша жүлделі орындарды:

1-орын: 6 «Е» сынып оқушысы – Жарылқасын Шариф

2-орын: 5 «М» сынып оқушысы – Жолдасбек Іңкәрім

3-орын: 5 «Л» сынып оқушысы Рысбек Асылай иеленсе,
«Алғыс хатпен»:

5 «В» сынып оқушысы – Жаймағанбет Аяла

5 «Д» сынып оқушысы – Ақжігіт Мұхаммедали

5 «К» сынып оқушысы – Асқарбек Айзия

5 «Р» сынып оқушысы – Сәдуақас Рамазан

6 «Ә» сынып оқушысы – Әбдірахманова Адия

6 «Б» сынып оқушысы – Сағымбек Нүргүл

6 «Г» сынып оқушысы – Манасова Балнұр

6 «Ж» сынып оқушысы – Жұмахан Адина

6 «К» сынып оқушысы – Мұса Айзере

6 «Р» сынып оқушысы – Несібелібай Кәусар

6 «Л» сынып оқушысы – Тұрарова Дильназ

6 «В» сынып оқушысы – Жұмабай Ернұр

6 «И» сынып оқушысы – Русланқызы Таңшолпан

6 «З» сынып оқушысы – Серік Балнұр

7 «А» сынып оқушысы – Махмутқызы Қымбат

7 «В» сынып оқушысы – Есенбаева Дильназ

7 «И» сынып оқушысы – Өтепберген Інжу марапатталды.

Пікір: Сайысымыз өз мақсатына жетті. Қызықты әрі жоғары деңгейде өткізілген сайыста оқушылардың дарындылығын, жаңа қырларын көре білдік.

Информатика,биология

пәнінің мұғалімдері: Шалдыбаева Г. Бодықова Г.Тіккөзова А

13 қараша 2023 жыл инспекторы полиция аға лейтенанты С.Б.Абылайхан: «Есірткі және құқықбұзушылық!» бұзылған немесе сақтамалған жағдайда жеке адамдар денсаулығына зиян келтірген немесе материалдық тұрғыдан және жол жүру үрдісін бұзған оқиға жайлы баяндады. LED экраннан бейнеролик көрсетілді. Жасөспірімдер үшін құмар ойынға тәуелділік салдарының, құқық бұзушылық, нашақорлық, буллинг, кибербуллинг, интернет қауіпсіздігінің алдын алу бағытында түсіндірді. Мектепке келіп кетер уақыттарында балаларға үнемі жол қозғалысы қауіпсіздігі жөнінде ескеріп отыруын және кәмелет жасқа толмаған балаларыңыздың түнгі уақытта ата-анасыз жүрмеуі ескертті. Түрлі жағдайдағы құқық бұзушылықтың орын алмауы үшін ата-аналармен бірге жүрулеріңіз қажет екендігін сөз етті.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.А.Абдигапбаров пен К.Г.Киымов: Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі – ең басты байлық. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда құқық бұзушылықтың орын алмауына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Сол себепті балалардың өмірінің қауіпсіздігі дағдыларын мектепке дейінгі кезеңде қалыптастыру қажет.

Көп жағдайда балалар жарақат алып, түрлі жағдайға ұшырап жататыны аз емес. Осыған байланысты түнгі уақытта көшеге шықпауын және ата-ананың қарауынсыз жүрмеуін басты назарға алу қажет. Балаға үнемі үлгі көрсетіп және қадағалап, балаларды көшеде болатын қауіпті жағдайлардан сақтандыру әрбір ата-ананың міндеті екенін айтты.

Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде 15 қараша күні 8-11 сыныптардың оқушыларына «**Сыбайлас жемқорлыққа-жол жоқ!**» және қылмыстың, буллинг, кибербуллингтің, бопсалаудың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін жоғарғы сынып оқушыларымен кездесу сағаты ұйымдастырылды.

Кездесу сағатына Қызылорда ҚПБ бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Жаукеев Ердаулет Баянбайұлы мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Абдигапбаров қатысты. Кездесу сағатына Қызылорда ҚПБ бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Жаукеев Ердаулет Баянбайұлы мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Абдигапбаров қатысты. **Іс-шараның негізгі мақсаты:** Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмау және оның алдын алу, оның ішінде мектеп оқушылары арасындағы құқықбұзушылықтардың жолын кесу, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, «**Сыбайлас жемқорлыққа - жол жоқ!**» олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу. Оқушыларға аталған тақырыпта видеороликтер көрсетіліп, мәліметтер берілді. Жиында Оқушыларға Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу, «**Сыбайлас жемқорлыққа-жол жоқ!**» ерте жүкліктен сақтану, топтық төбелес, құқықбұзушылықты, болдырмаудың жолдары туралы өмірмен байланыстыра отырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Жиын соңында Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі туралы және Өзінді сексуалдық зорлық-зомбылықтан қалай қорғау керектігі және «**Сыбайлас жемқорлыққа - жол жоқ!**» жөнінде жадынамалар таратылды. Оқушыларымыз зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстайды деген сенімдеміз.

12.12.2023 жыл. Қызылорда қаласы «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және болдырмау» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел өткізілді. Б.Момынбаев атындағы №278 мектеп-лицей, «Абай» атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп-лицейі, №101 мектеп-лицейі және Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің әкімшілігі. 1.Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің А.Нұрмағанбетов өз сөзінде кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселе екеніне тоқталып, сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі екені айтылды. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әр салада жүзеге асырылуда. Дегенмен, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет деп сөзін қорытындылады. Мектеп директоры Б.Тумурзаев, Л.Әбеннова, Ж.Садвакасова, Э.Азатбаева сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында мектепшілік жоспар құрылып, жұмыстар атқарылып жатқандығын жеткізді. Оқушылар мен ұстаздар арасында түрлі сайыстар мен құқықтық сағаттар жиі өткізіліп отырады. Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша үнемі түсіндірме және ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп отырады. Сондай-ақ, мектептер тарапынан мемлекеттік сатып алуға байланысты жұмыс жүргізетін арнайы маманға штат қарастыру жөнінде ұсыныс білдірді. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі басшысымен бекітілген 2023 жылғы жұмыс жоспары мен Қызылорда облысының білім басқармасының хаттамалық тапсырмасын орындау тақырыбындағы семинарда қозғалған барлық мәселелер білім ордасында жан-жақты талқыланып шешіліп келе жатқанын жеткізді.

16.02.2024 жыл Сен өз құқығыңды білесің бе? тақырыбы негізінде ақпанның он төртінші жұлдызында 7 «В» сыныбында ашық тәрбие сағаты сабақ өткізілді. Ашық тәрбие сағаты оқушылармен амандасып, I-топ:«Бейбітшілік», II-топ:«Заңгерлер», III-топ:«Ақиқат» топтарына бөлінумен басталды. Оқушылар құқық деген сөзді қалай түсінетіндігі және қандай құқықтары бар екені жайлы талқылау жүргізіліп, оқушыларға презентация және видеороликтер арқылы толығырақ ақпарат берілді. Оқушылардың сындық ойлау дағдысын дамыту үшін түрлі жағдаяттар беріліп, оқушылар өздерінің бұл жағдайлар орын алған кезде өздерін қалай ұстайтындығы туралы айтылды. Сонымен қатар, топтық жұмыс жүргізілді. Әр топқа түрлі тапсырмалар берілді, 1 топқа – сәйкестендіру, 2 топқа – мақалды жалғастыру, 3 топқа - «Құқық» тақырыбына өлең құрастыру

тапсырмалары беріліп, оқушылар топта белсен қатысып, жаңа білім үйренді. Оқушылар жылдамдыққа сұрақтарға жауап беріп, пікірталас жүргізді. Сергіту сәтіне Мен таптым» әдісі қолданылды. Оқушылар дөңгелене отырып, кезекпен бірден жетіге дейін санап, жеті санын айтатын адам «Жеті» деудің орнына, орнынан тұрып, «Мен таптым» деп айтуы керек кім жаңылысса, сол ойыннан шығады. Жалпы сабақ қорытындыланып, оқушылар не үйренгендігі жайлы кері байланыс жасады. Сабақ өз мақсатына жетті.

17.04.2024 жыл. Қызылорда қаласы «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және болдырмау» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелі өтті. Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орасарлары Г.Бексейтова, О.Маденова және А.Давлетова тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Абдигапбаров пен Г.Киымов өз сөзінде кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселе екеніне тоқталып, сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі екені айтылды. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әр салада жүзеге асырылуда. Дегенмен, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет деп сөзін қорытындылады. Мектеп директоры Б.Тумурзаев, сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында мектепшілік жоспар құрылып, жұмыстар атқарылып жатқандығын жеткізді. Оқушылар мен ұстаздар арасында түрлі сайыстар мен құқықтық сағаттар жиі өткізіліп отырады. Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша үнемі ата –аналар тарапынан да қаржы жинау фактілерінің орын алмауы үшін қатаң түсіндірме және ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп отырады.

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі басшысымен бекітілген 2024 жылғы жұмыс жоспары мен Қызылорда облысының білім басқармасының хаттамалық тапсырмасын орындау тақырыбындағы барлық мәселелер білім ордасында жан-жақты талқыланып шешіліп келе жатқанын жеткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу

Сауалнамаға аты-жөніңізді көрсету немесе көрсетпеу сіздің еркіңіз, сауалнама анонимді болып табылады.

Зерттеу нәтижелері:

1)Сыбайлас жемқорлықтың туындау себебі?

Сіздің пікіріңіз?

- а) Адамның сана-сезіміне байланысты – 40%
- в) Табыс көзінің аздығына байланысты – 40%
- б) Қызметпен байланысты – 20%

г) Сіздің өз ойыңыз _____:

2) Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың жолы.

- а) Заңды күшейту – 60%
- в) Қызметкерлердің айлығын көтеру-40%
- б) Қызмет орның ауыстырып тұру-0

г) Сіздің өз ойыңыз _____:

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңына өзгерістер енгізу қажет пе?

- а) Иә, жауаптылықты күшейту қажет – 50%
- б) Жоқ, Заңда бәрі қарастырылған – 50%

в) Сіздің өз ойыңыз _____:

4) Заң бұзушылық көбіне болатын қызмет?

а) Қаржы қызметі – 40%

в) Басшылық қызметте – 30%

б) Мемлекеттік қызметтер көрсету – 30%

г) Сіздің өз ойыңыз _____:

5) Сыбайлас жемқорлық бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға көңіліңіз толама?

а) Иә - 50% б) Жоқ – 20% в) Білмеймін – 30% г) Сіздің өз ойыңыз _____

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асыру бойынша ісшаралар жоспарының орындалу барысы туралы есеп беру.

Әр тоқсанның соңғы айының 25-і күні есеп беру жоспарланған. Қалалық білім бөлімімен өткізілген жиында мектеп-лицей бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауы туралы есеп берілді.